

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 маусымда № 38869 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17705 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТжКОББ) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ТжКОББ ұйымдарында оқуға өтініштер қабылдау, әңгімелесу өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін басшының бұйрығымен 10 маусымнан кешіктірмей тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңестің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Қабылдау комиссиясының төрағасы ТжКОББ ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы жұмысына жалпы басшылық ету хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) және қабылдау емтихандарының даярлығын, жүргізілуін ұйымдастырады, жазбаша емтихан жұмыстарының шифрленуін және де шифрленуін жүргізеді.

Хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясы қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қабылдау комиссиясының құрамы қайта қаралады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау және (немесе) емтихан комиссиясының жұмысын цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ТжКОББ ұйымы жүргізеді.";

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында, ақылы негізде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 10 тамызы аралығында, медициналық мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 10 тамызға дейін негізгі орта білім базасында, 25 маусымынан 15 тамызға дейін жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті алушы:

1) Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін "электрондық үкімет" веб-порталында (бұдан әрі – Портал);

2) білім беру ұйымдарын өткен жылдары бітірген, білім туралы құжаттары цифрландырылмаған түлектер, шетелдік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар үшін ТжКОББ ұйымдарында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) алады.

Порталда техникалық ақау болған жағдайда, құжаттарды қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Құжаттар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес ұсынылады.

Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "бір өтініш" қағидаты бойынша "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алуға құжаттарды беру кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" және "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алу үшін өтініш бере алады.

Бұл ретте, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13487 болып тіркелген), "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметі "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32226 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

Өтініште көрсетілген мемлекеттік қызметтерді ұсыну нәтижелері ТжКОББ ұйымына қабылдау қорытындылары бойынша ұсынылатын болады.

Көрсетілетін қызметті алушы қабылдау қорытындысы бойынша күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру қызметтерін көрсету туралы электрондық шартқа қол қояды. Шартқа қол қою туралы SMS-хабарлама mGov мобильді қосымшасының Bilim сервисінде жіберіледі.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

21-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер "Ұлттық білім беру деректер базасы" цифрлық жүйесінде" (бұдан әрі – ҰБДБ) тіркеледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсетін тұлғалар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу үшін сұрақтар тізбесін және бағалау критерийлерін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.";

мынадай мазмұндағы 24-2-тармақпен толықтырылсын:

"24-2. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен (адамдармен), әңгімелесу өткізіледі.

Қабылдау комиссиясы түсушімен жеке әңгімелесуді тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан асырмай өткізеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (адамдардың) ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қабылдау комиссиясына орта білім беру ұйымының басшысының қолымен және мөрімен расталған білім алушылардың жетістіктерінің жинақталған карталарын және (немесе) психологиялық-педагогикалық мінездемелерін ұсынады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі. Әңгімелесу аудио-бейнежазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейнежазбалар 3 (үш) жыл бойы ТЖКОББ ұйымдарында сақталады.";

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауға оқуға түсушілердің саны ТЖКОББ ұйымдарының жобалық мүмкіндіктерінен асып кеткен жағдайда, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдау осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ № 261 бұйрыққа сәйкес квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

Мамандығының бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсушілердің саны асып кеткен жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білім туралы құжаттың орта балы негізінде жүзеге асырылады.

27. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген тұлғаларға жататынын растайтын құжаттар ТЖКОББ ұйымдарының қабылдау комиссиясына құжатты қабылдаудың осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін ұсынылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. ТжКОББ ұйымдарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды (адамдарды) оқуға қабылдау дәрігерлік-консультациялық комиссияның, медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып, мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды (адамдарды) қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде , арнайы білім беру бағдарламасы бойынша, ал жалпы топтарда жеке білім беру бағдарламасы бойынша оқыту жөніндегі ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыспен оқуға түсетін тұлғалар (білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын қоспағанда) күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап Білім басқармасының цифрлық жүйесі арқылы ерікті негізде кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өтеді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. ТжКОББ ұйымына мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық мамандықтарға, сондай-ақ арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін, медициналық мамандықтарға түсетін тұлғалар психометриялық тестілеуден өту үшін ТжКОББ ұйымдарына ҰБДБ ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. ТжКОББ ұйымына мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық, медициналық мамандықтар, сондай-ақ өнер және мәдениет мамандықтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес психометриялық тестілеу тапсырады. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу сәтінде талапкерлер конкурстарға, олимпиадаларға немесе спорттық жарыстарға қатысқан жағдайда, емтихандар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүргізіледі. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың тақырыптарын ТжКОББ ұйымы дербес белгілейді.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Мамандық бейініне сәйкес келетін медициналық мамандықтарға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар түсетін тұлғалар үшін цифрлық технологияларды қолдана отырып, эссе жазу түрінде арнайы емтихан белгіленеді. Эссе жазуға және бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін мамандықтарға түсуші тұлғалар үшін ағылшын тілін білудің базалық деңгейін (тестілеу әдісімен), оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалана отырып бағалау қосымша жүргізіледі.

Әңгімелесудің қорытындысы "Өтті" немесе "Өтпеді" деген нысанда бағаланады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан, сондай-ақ психометриялық тестілеу басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі.

Арнайы және шығармашылық емтихандарды, психометриялық тестілеуді өткізу кезінде:

1) арнайы және шығармашылық емтихандар "2", "3", "4", "5" болып бағаланады:

2) медициналық мамандықтар бойынша психометриялық тестілеу "Өтті" немесе "Өтпеді" деген нысанда бағаланады.

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардан қанағаттанарлықсыз баға алған, психометриялық тестілеуден өтпеген тұлғалар келесі емтиханға, Конкурсқа жіберілмейді.

"Қазақстан Республикасының спорт шебері" атағы бар және "Дене шынықтыру және спорт" мамандығына түсуші тұлғалар шығармашылық емтихан тапсырудан ең жоғары балл беріле отырып босатылады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның, сондай-ақ психометриялық тестілеудің нәтижелері емтихандар, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін бір күннен кешіктірілмей ТжКОББ ұйымының ақпараттық стендтерінде немесе интернет-ресурстарында орналастырылады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның, сондай-ақ психометриялық тестілеудің нәтижелерін ТжКОББ ұйымдары (мәдениет және спорт салаларындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын қоспағанда) мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға арналған конкурсқа (бұдан әрі – Конкурс) қатысу үшін ҰБДБ-ға жібереді.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. ТжКОББ ұйымдары осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген белгіленген мерзімдерге сәйкес мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, ҰБДБ ақпараттық жүйесіне тіркейді.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Конкурсты ҰБДБ (мәдениет және спорт салаларындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды қоспағанда) талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің орташа конкурстық балы бойынша автоматты түрде бөлу арқылы, педагогикалық, медициналық мамандықтарға, сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағаларының орташа балы бойынша және ТжКОББ ұйымы өткізген арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес алынған бағалардың (балдардың) орташа балы бойынша, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып өткізеді.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Талапкерлерді автоматты түрде бөлу ҰБДБ арқылы, ал Порталда және (немесе) ҰБДБ-да техникалық ақау болған жағдайда - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, тиісті акт жасай отырып жүзеге асырылады.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 23-24 тамызы аралығында, ақылы негізде 28-29 тамызда, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша 29 шілде мен 2 тамыз аралығында, педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін негізгі орта, жалпы орта білім және ТжКОББ базасында 16-17 тамыз аралығында, медициналық мамандықтар бойынша: негізгі орта білім беру базада 16-17 тамызда, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында 18-19 тамызда өткізіледі.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Бағалардың орташа балы білім туралы құжатқа және шығармашылық және (немесе) арнайы емтихандардың хаттамаларына сәйкес қалыптастырылады:

бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы үшін), негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$ОКБ = (МП+БП1+БП2)/БС$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі бар түсушілер үшін - төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән:

$$ОКБ = (МП1+МП2+БП1+БП2)/БС$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2 - екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС - бағалар саны;

Жалпы орта білімі бар педагогикалық және медициналық мамандықтар және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша оқуға түсушілер үшін - төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән (қажет болған жағдайда) және (немесе) арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1 - бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2 - екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 - екінші бейіндік пәннің бағасы;

АЕ/ШЕ – арнайы емтиханның/шығармашылық емтиханның бағасы (екі арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан АЕ2/ШЕ2 өткізілген жағдайда);

БС-бағалар саны.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған кезде міндетті және бейінді пәндердің тізбесін ҰБДБ арқылы ТжКОББ ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.";

63-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"ҰБДБ автоматты түрде бөлу арқылы білім басқармаларына ТжКОББ ұйымдарына қабылдау үшін талапкерлерді бөлу қорытындыларын:";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Білім басқармасы негізгі орта, жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасында Конкурс қорытындыларын ресми интернет-ресурстарда күнтізбелік жылдың 25 тамызында, өнер және мәдениет мамандықтарына – күнтізбелік жылдың 3 тамызында, негізгі орта, жалпы орта білім және ТжКОББ базасында педагогикалық мамандықтарға күнтізбелік жылдың 18 тамызында, медициналық мамандықтар бойынша – 18 тамызда негізгі орта білім базасында, 20 тамызда жалпы орта білім және ТжКОББ базасында жариялайды.

Порталдың 1414 Бірыңғай байланыс орталығы SMS хабарлама арқылы талапкерлерді Конкурс қорытындылары туралы хабардар етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 4 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 1-тармағының жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз үшінші, отыз төртінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс үшінші және жетпіс төртінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

осы бұйрықтың 1-тармағының жиырма бірінші, жиырма үшінші, қырық бірінші, елу екінші, елу төртінші, жетпіс екінші және жетпіс алтыншы абзацтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1) Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін "цифрлық үкімет" веб-порталында (бұдан әрі – Портал);";

"Порталда техникалық ақау болған жағдайда, құжаттарды қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған цифрлық жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.";

"25. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу цифрлық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі. Әңгімелесу аудио-бейнежазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейнежазбалар 3 (үш) жыл бойы ТжКОББ ұйымдарында сақталады.";

"32. ТжКОББ ұйымына мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық мамандықтарға, сондай-ақ арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін, медициналық мамандықтарға түсетін тұлғалар

психометриялық тестілеуден өту үшін ТжКОББ ұйымдарына ҰБДБ арқылы жіберіледі.
".

"33. ТжКОББ ұйымына мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық, медициналық мамандықтар, сондай-ақ өнер және мәдениет мамандықтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес психометриялық тестілеу тапсырады. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу сәтінде талапкерлер конкурстарға, олимпиадаларға немесе спорттық жарыстарға қатысқан жағдайда, емтихандар цифрлық технологияларды қолдана отырып жүргізіледі. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың тақырыптарын ТжКОББ ұйымы дербес белгілейді.";

"53. ТжКОББ ұйымдары осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген белгіленген мерзімдерге сәйкес мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, ҰБДБ-да тіркейді.";

"55. Талапкерлерді автоматты түрде бөлу ҰБДБ арқылы, ал Порталда және (немесе) ҰБДБ-да техникалық ақау болған жағдайда - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының цифрлық жүйелерін пайдалана отырып, тиісті акт жасай отырып жүзеге асырылады.";

осы бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі*

Ж. Сулейменова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

2026 жылғы 1 маусымдағы
 № 150-НҚ бұйрығына
 I-қосымша
 Олимпиадалық резервтің
 республикалық, облыстық,
 республикалық маңызы бар
 қалалардың, астананың
 мамандандырылған
 мектеп-интернат-колледждері
 және спорттағы дарынды
 балаларға арналған облыстық,
 республикалық маңызы бар
 қалалардың, астананың мектеп-
 интернаттарын қоспағанда,
 техникалық және кәсіптік,
 орта білімнен кейінгі білімнің
 білім беру бағдарламаларын
 іске асыратын білім беру
 ұйымдарына оқуға қабылдаудың
 үлгілік қағидаларына
 I-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
		Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін: 1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша рухани (діни) білім беру ұйымдарына түсушілер үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі

4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	<p>сотталғандар үшін - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;</p> <p>2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына негізгі орта, жалпы орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында, ақылы негізде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 10 тамызы аралығында, медициналық мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 10 тамызға дейін негізгі орта білім базасында, 25 маусымынан 15 тамызға дейін жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында жүзеге асырылады;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут;</p> <p>4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут.</p>
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)

6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	<p>Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат не Тізбенің 9-тармағында жазылған негіздерге сәйкес құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат беру.</p> <p>Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама және СМС хабарлама жолданады.</p>
7	Мемлекеттік ызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда көрсетілетін қызмет берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін.</p> <p>портал: жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді</p>

		<p>қабылдау және нәтижелерді беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналасқан.</p>
		<p>көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <p>1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;</p> <p>2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;</p> <p>3) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;</p> <p>4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) № 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік-кәсіптік-консультативтік қорытынды), ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін № 026/у нысаны бойынша ВКК қорытындысы, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін № 031/у нысаны бойынша МСЭ қорытындысы;</p> <p>5) арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе</p>

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

б) жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік – шетелдіктің (заңды өкіл) Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;

2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын – босқын куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) қандас – қандас куәлігі.

Поргал арқылы жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) электрондық түрдегі білім туралы құжат;

3) № ҚР ДСМ-175/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы бұйрығымен бекітілген электрондық медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды) № 075/у нысаны бойынша; ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін – № 026/у нысаны бойынша ДҚК

қорытындысы; бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін – № 031/у нысаны бойынша МӘС қорытындысы;

4) арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) мәртебесін растайтын электрондық құжат

5) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, білімі туралы құжат, медициналық анықтамалары көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік электрондық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің

		<p>аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.</p> <p>Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар осы тармақтың бірінші абзацының 4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды шектеу іс-шараларының алынуына, төтенше жағдайдың тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.</p>
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>

11	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8 800 080 7777 арқылы ала алады.
----	---	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 150-НҚ бұйрығына
2-қосымша
Олимпиадалық резервтің
республикалық, облыстық,
республикалық маңызы
бар қалалардың, астананың
мамандандырылған мектеп-
интернат-колледждері және
спорттағы дарынды
балаларға арналған облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың
мектеп-интернаттарын
қоспағанда, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
2-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 19-1 бабын басшылыққа ала отырып, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы

(мекеме, мекенжайы көрсетілсін)

Сіздің "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына
құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар
тізбесіне сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбағаныңызға және (немесе) қолданыс
мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты мемлекеттік қызметін көрсету
үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3)....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/ білім беру ұйымы қызметкерінің ТАӘ
(ол болған жағдайда) (қолы)

Орындаушының ТАӘ (ол болған жағдайда)

Телефоны _____

Алдым: ТАӘ (ол болған жағдайда) /көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2026 жылғы 1 маусымдағы
№ 150-НҚ бұйрығына
3-қосымша
Олимпиадалық резервтің
республикалық, облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың
мамандандырылған мектеп-
интернат-колледждері және
спорттағы дарынды балаларға
арналған облыстық,
республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың
мектеп-интернаттарын
қоспағанда, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік
қағидаларына
4-қосымша

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта (жалпы негізгі) білім базасында, бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") білім базасында	Орта (жалпы орта) білім базасында
011 Образование			
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде

		педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01130100	Логопедия	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01130100	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлері бойынша)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01130200	Қосымша білім беру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140200	Музыкалық білім беру	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Музыкалық шығарманы орындау	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу. Музыкалық шығарманы орындау
01140300	Көркем еңбек	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140500, 01140200	Дене тәрбиесі және спорт	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01140600, 01140300	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140700, 01140400	Информатика	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу

01140800, 01140500	Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
021 Өнер			
02110200	Дыбыс операторлық шеберлік	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, сольфеджиодан ауызша емтихан	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, сольфеджиодан ауызша емтихан
02110300, 02110100	Графикалық және мультимедиялық дизайн	Сурет/кескіндеме	Сурет/кескіндеме
02110400, 02110200	Баспа ісі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02110500, 02110300	Полиграфиялық және орау өндірісінің технологиясы	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу
02120100	Интерьер дизайны	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02120200	Киім дизайны	Сурет және кескіндеме,	Сурет және кескіндеме
02120300	Өнеркәсіп өнімдерінің дизайны	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02140100	Қалпына келтіру (түрлері бойынша)	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
02130100	Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)	Сурет/кескіндеме, композиция	Сурет/кескіндеме, композиция
